



Әуезов даңғылындағы той

Муратхан КЕҢЖЕХАНҰЛЫ

Всемендең Әуезов даңғылында Мұхтар Әуезовтің 120 жылдық тойы тойланды.



Дмитрий Франчук

Даңғыл бойындағы ар аялдамаға үлы Абай мен Мұхтар Әуезовтің шығармаларынан сыр шертептің кітап көрмелері үйімдастырылып, көшедеги жүргіншілермен қызықты сұхбаттар өткізdi. А.Пушкин атындағы облыстық кітапхананың мұрындық болуымен өткен шарага облыстық балалар және жасес-пірімдер кітапханасы, Оралхан Бекей атындағы қалалық орталық кітапхана, сондай-ақ, загиптарға арналған облыстық кітапхана

қызыметкерлері атсалсты

Қалалық кітапхана қызыметкерлері көше автобустарына мініп, жолаушылардан зангар жазушының өміріне, шығармашылығана қатысты сұрақтар қойып, дұрыс жауап бергендерге арнайы сый-сияpat жасады. Ертсін жағалауына жақын жердегі Прогресс аялдамасында кітап көрмесін үйімдастырган олар жас ақындардың отты жырларына да көз берди.

Ал «Ертсі» конақүйінің қасында-

ғы аялдамаға көрме үйімдастырылған Пушкин атындағы кітапхана қызыметкерлері көрмендер арасында кішігірім саис өткізп жатты. Бұл жердегі ең қызықтысы, көрме конактары Әуезовке байланысты сөз жұмбақтар жарысын өткізп, толық шешкен қала тұрғындарына арнағы жүлдесін берди. Шыны көрек, бірнеше аялдаман арапау барысында өзіміз де Әуезов жайында мағлұматтар алдық. Ал жазушының атындағы аялдамадан тұрақ тепкен балалар және жасес-пірімдер кітапханасының үжымы Абай андерінің шеруін өткізді. Сайысқа қатысқысы келетіндер әуелі үяшық таңдал, содан шыққан сұрақтың жауабына орай андерді нақышы-

мен орындауды көрек. Бұл сында С Аманжолов атындағы ШКМУ-дың студенттері дес бермеді.

— Осы аялдамада Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығына орай, «Мен саган ғашықтын» атты акция үйімдастырылдық. Максатымыз — қала тұрғындарына акция аясында бүкіл казак жазушыларының шығармасын таныстыру. Сонымен катарап. Абайдың көп айтыла бермейтін андерін жүрт жадына сініріп жатырмыз, — дейді балалар кітапханасының қызыметкері Нәргүл Ерболқызы.

Иә, шынында шараға қатысушилар асққаттаған салды, жазушының өміріне қатысты сұрақтарға таласа жауап беріп жатты.



Манап Мұрзатаев